

Kim R. Severnaya I Uzhnaya Koreya dolzhny obedinitsya [North and South Korea must unite] // Zakon.kz URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31371900#pos=3;-52 (Date of access: 15.10.2020) [in Russian]

Kiryakov O. Severnaya I Uzhnaya Korei otkryli ofis svyazi v Kesone [North and South Korea open a liaison office in Kaesong] // Rossiiskaya gazeta rg.ru, September, 2018. URL: <https://rg.ru/2018/09/14/severnaia-i-iuzhnaia-korei-otkryli-ofis-svazi-v-kesone.html> (Date of access: 17.10.2020). [in Russian]

Ku Y., Lee I., Woo J. Politics in North and South Korea. UK: Routledge, 2018. 209-212 pp.

One Korea Global Campaign. A Nation Divided. URL: <https://www.1dream1korea.com/a-nation-divided/> (Date of access: 17.10.2020)

Okunev D. Skrytaya voyna SSSR I SSHA: kak shlestnulis dve Korei [The hidden war of the USSR and the USA: how two Korea's clashed]. – Gazeta.ru, 25 June, 2020. //URL: https://www.gazeta.ru/science/2020/06/25_a_13130263.shtml?updated (Date of access: 22.10.2020) [in Russian]

Park Yo. H. South and North Korea's Views on the Unification of the Korean Peninsula and Inter-Korean Relations // The 2nd KRIS-Brookings Joint Conference. 2014. - p. 8-10

Sean L. Moon Jae-in Holds on to His Dream of North Korea Diplomacy // The Diplomat. - June, 2020. URL: <https://thediplomat.com/2020/06/moon-jae-in-holds-on-to-his-dream-of-north-korea-diplomacy/> (Date of access: 15.10.2020);

Shin H.H. Factbox: History of inter-Korean summits // Thomson Reuters, 2018. URL: <https://www.reuters.com/article/us-olympics-2018-northkorea-factbox/factbox-history-of-inter-korean-summits-idUSKBN1FU0BO> (Date of access: 15.10.2020);

Sung Joo H. The Diplomacy of Korean Unification: Positive and Negative Reasons, Policies // The Asian Institute for Policy Studies, December, 2020 // URL: <http://en.asianinst.org/contents/division-management-and-unification-korea-vs-germany/> (Date of access: 30.10.2020).

Union News, October 2020 // <https://www.yna.co.kr/view/MYH20201019008700038> (Date of access: 17.10.2020).

FTAMP 03.29, 21.01.11

DOI 10.51943/1814-6961_2021_1_159

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДІНИ ЖАҒДАЙДЫ РЕТТЕУДЕГІ БАТЫС ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ИСЛАМ ДІНІ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕУ ҮЛГІЛЕРІ ЖАЙЛЫ ДИСКУРСЫҢ ОРНЫ МЕН ЫҚПАЛЫ

Әбубәкірова Арайлым Есімханқызы^{1*}, Дильбарханова Дана Адепхановна²

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан

²А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

*Автор-корреспондент

E-mail адресстер: a.abubakirova.work@gmail.com (Әбубәкірова), d.dilbarkhanova@gmail.com (Дильбарханова)

Түйіндеме. Мақалада Батыс Еуропа елдерінің өз қоғамдарындағы ислам дінінің жағдайын, дәрежесін, иммигрант мұсылмандардың қоғамдағы орнын, олардың жергілікті халықпен қарым-қатынасын, қоғамға бейімделуін не кірігуін қандай парадигмаларға сай реттеп, жүзеге асырып отырғандығы сипатталады. Батыс Еуропа елдеріндегі саяси-әлеуметтік үрдістердің негізгі даму бағыттары, сипаттары көрсетіліп, солардың аясындағы ислам діні мен мұсылмандардың өмір сүру салтындағы өзгерістер, бейімделу мен түсініспеушілік жағдайлары айқындалады. Мұсылмандар қауымының әлеуметтік жағдайы, оның төмен болу себептері, бұл қауым өкілдеріне қатысты бөліп-жару жағдайлары келтіріліп, мемлекеттік биліктің осы мәселенің шешімін табу бағытындағы іс-шаралары көрсетіледі. Интеграция және ассимиляция үдерістерінің дұрыс қырлары мен кемшілік ретінде қарастыруға болатын тұстары сарапталып, «бөтенсіну» ұстанымы емес, «қабылдау» саясаты басшылыққа алыну керектігі айтылады. Өркениеттер қақтығысы деген түсініктің қолдан жасалып, екі тарап бір-бірі жайлы толыққанды білім мен түсінікке ие болмағандықтан пайда болып, маңыздылыққа ие болып отырғандығы, бұл мәселенің шешу жолдары сипатталады. Ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану арқылы жинақталған мәліметтер жүйеге келтіріліп, «мультимәдениет» ұғымын шынайылыққа

айналдыру мүмкіндіктері ұсынылады. Зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде ұсынылып отырған мақаланың теориялық маңызы қамтылған мәліметтердің құндылығымен сипатталса, тәжірибелік маңызы осы бағытта жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарына қолданбалық құрал бола алуымен көрінеді.

Кілт сөздер: Ислам, иммигранттар, интеграция, еуропалық қоғам, мультимәдениет, зайырлылық, діни жағдай.

IRSTI 03.29, 21.01.11

**THE PLACE AND EFFECT OF THE DISCOURSE ON EXAMPLES OF ADAPTING
OF ISLAM IN THE SOCIETY IN COUNTRIES OF WESTERN EUROPE IN
REGULATING RELIGIOUS SITUATION IN KAZAKHSTAN**

Abubakirova Arailym Yessimkhankyzy^{1*}, Dilbarkhanova Dana Adepkhanovna²

¹Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

²International Kazakh-Turkish University named after A. Yassau Turkestan, Kazakhstan

*Corresponding author

E-mail: a.abubakirova.work@gmail.com (Abubakirova), d.dilbarkhanova@gmail.com (Dilbarkhanova)

Abstract. The article describes the paradigms according to which Western European countries regulate and determine the state of Islam in their societies, the place of Muslim immigrants in society, their relations with the local population, their adaptation or integration into society. It shows the main directions of development and descriptions of political and social processes in Western Europe, in their context Islam and changes in the way of life of Muslims, their adaptation and misunderstandings are determined. It describes the social status of the Muslim community, the reasons for its low level, and the facts of the separation of members of this community, and the actions of state bodies to solve this problem. It analyses the correct sides and those sides that can be considered as shortcomings in the processes of integration and assimilation, and emphasizes that they should be guided by the policy of “perception” and not the principle of “alienation”. It is described that the concept of the conflict of civilizations was created by hands, and it appeared because of the lack of full knowledge and understanding of both sides about each other, so it gained importance, and ways to solve this problem are described. The data accumulated during the use of research methods are systematized, and the possibilities of turning the term “multiculturalism” into reality are suggested. The theoretical significance of this article, offered as a result of research, is characterized by the value of the data it contains, and its practical significance is described by the fact that it can become an additional tool for research conducted in this area.

Key words: Islam, immigrants, integration, European society, multi-culture, secularism, religious situation.

МРНТИ 03.29, 21.01.11

**РОЛЬ И ВЛИЯНИЕ ДИСКУРСА О ПРИМЕРАХ АДАПТАЦИИ РЕЛИГИИ
ИСЛАМ В ОБЩЕСТВЕ В СТРАНАХ ЗАПАДНОЙ ЕВРОПЫ НА РЕГУЛИРОВАНИЕ
РЕЛИГИОЗНОЙ СИТУАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ**

Абубакирова Арайлым Есімханқызы^{1*}, Дильбарханова Дана Адепхановна²

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, г. Алматы, Казахстан

²Международный казахско-турецкий университета имени А. Ясауи. г. Туркестан, Казахстан

*Автор-корреспондент

E-mail адреса: a.abubakirova.work@gmail.com (Абубакирова), d.dilbarkhanova@gmail.com (Дильбарханова)

Аннотация. В статье описываются согласно каким парадигмам страны Западной Европы регулируют и определяют состояние ислама в своих обществах, место иммигрантов-мусульман в обществе, их отношения с местным населением, их адаптацию или интеграцию в общество. Показываются основные направления развития и описания политических и социальных процессов в Западной Европе, в их контексте определяются ислам и изменения в образе жизни мусульман, их адаптация и возникающие недопонимания. Описывается социальный статус мусульманского сообщества, причины его низкого уровня, приводятся факты разделения членов этого сообщества, и действия государственных органов по решению этой проблемы. Анализируются правильные стороны и те стороны, которые можно рассмотреть как недостатки процессов интеграции и ассимиляции, и подчеркивается, что должны руководствоваться политикой «восприятия», а не принципом «отчуждения». Описываются, что концепция конфликта цивилизаций была создана собственноручно, и появилась из-за неимения полноценного знания и понимания обеих сторон друг о друге, так получила значимость, и пути решения этой проблемы. Данные, накопленные в ходе использования методов исследования, систематизируются, и предлагаются возможности превращения термина «мультикультура» в реальность. Теоретическая значимость данной статьи, приводимой в качестве результата исследований, характеризуется ценностью содержащихся в ней данных, а практическая значимость описывается тем, что она может стать дополнительным инструментом для исследований, проводимых в этой области.

Ключевые слова: Ислам, иммигранты, интеграция, европейское общество, мультикультура, секуляризм, религиозная ситуация.

Кіріспе. Көптеген Батыс Еуропа мемлекеттері ислам дінінің қоғамның ажырамас бөлігіне айналуын ассимиляция арқылы басқаруды көздеді. Кейбір зерттеушілер тарихтағы католик шіркеуіне қарсы қысым және Еуропа жерінде ғасырлар бойы өршіп тұрған діни қақтығыстар еуропалықтардың дінді «негізсіз күш» ретінде ғана тануына септігін тигізгендігін айтады. Олар үкіметке иммигранттарды зайырлы гуманизм дәстүрлерін қабылдауға үгіттеу керек екендігін ұсынуда. Өз халқының исламдық бөлігін басқаруға ассимиляцияны негізге алған елдердің жарқын мысалы ретінде Франция мемлекетін көрсете аламыз. Бұл мемлекетте секуляризм принципі қасиетті ұғымдардың қатарына жатады десек те болады. Франция халқы әлемнің өзге елдеріне «Сендерге дін соншалықты керек пе?», «Неге біз секілді өмір сүрмеске?» деген секілді сұрақтарды қойғысы келетіндей. Бұл көзқарастың тәжірибе жүзінде көрініс табуына Франция үкіметінің 2004 жылы мектептерде діни киім киюге тыйым салуы мысал бола алады. Мұны олар барша азаматтарға секулярлық біртектілікті қамтамасыз ету жолындағы ұлттық дәстүрді жүзеге асыру деп түсіндірді.

Кейбір еуропалық елдер ассимиляция емес интеграция жолын басшылыққа алды. Олар иммигранттардың мәдени және діни тиістілігі олардың ажырамас тұлғалық қасиеттері ретінде дәл сол қалпында қабылдануы тиіс деген пікір білдірді. Мұндай пікірге егер бұл мәселені назардан тыс қалдырар болсақ, олар өздерін қоғамнан алшақтата бастауы, ал бұл сегрегацияға жол ашуы мүмкін деген қорқыныш та әсер етсе керек. Мәселен, Голландияда мұсылман мектептері мен мешіттері өзге де діни ұйымдармен, бірлестіктермен қатар қаржыландырылады. Бұл елде әрбір азамат өз дінін ұстануға және оның амалдарын еркін орындауға құқылы, тек мемлекеттің негізгі заңына қарсы келер тұстары болмаса.

Еуропалық басшылар бөтен мәдени-әлеуметтік құрылымның қоғамға еніп, қысым көрсете бастауын реттеу үшін, қоғамның құлдырап, бөлшектеніп кетуінің алдын алу үшін, «мультимәдениет» концепциясын енгізуді жөн көрді. Оның негізінде мәдениеттердің өзара әрекеттестігінің арқасында бір-бірінің ерекшелігімен, артықшылықтарымен байыта түсу ойы жатыр. Ал бұл саясаттың негізгі ұстанымдарының қатарына келесілер жатады: мемлекет мәдени плюрализмді азаматтық қоғамның маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады; маргиналды мәдени топтардың әлеуметтенуіне кедергі келтірер мәселелерді шешу; түрлі мәдениеттердің дамуы мен қайта жаңғыруына қолдау көрсету. Осылайша, бұл саясат ресми түрде мәдениеттердің тең құқылы екендігін көрсеткенімен, іс жүзінде пайда болған салдарлар жоспарланған, күтілген нәтижелерге сай болмауда.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми зерттеу нәтижесі ретінде ұсынылып отырған

мақала ғылыми тұрғыда шетелдік дереккөздерден алынған нақты әрі сенімді мәліметтерді жеткізуімен, тәжірибелік тұрғыда ол мәліметтерді қолданысқа ендіре алудың шынайы мүмкіндігімен, осы тақырыпта зерттеу жүргізуші ізденушілерге қосымша құрал бола алуымен маңызды. Зерттеу жүргізу барысында салыстырмалы, тарихи-хронологиялық, сараптау, талдау, сипаттау, құрылымдық-функционалдық секілді әдістер қолданылды.

Талқылау. Жаһандану үдерісі белсенді жүзеге асып жатқан қазіргі кезеңде мемлекеттер, олардың аумағында болып жатқан оқиғалар шекаралармен шектеліп қалып жатқан жоқ. Қазіргі таңда қоғамды алаңдатып отырған мәселелердің, қақтығыстардың көпшілігі діни негізде туындап жатқаны шындық. Дін – ұлттар мен ұлыстарды, халықтар мен мемлекеттерді бір мақсат пен бір ойдың, біртекті моральдық құндылықтардың, адами қасиеттердің айналасында топтастырушы үлкен күш. Діннің осы күші қақтығыстар мен соғыстарды, жауласуды тудыру жолында да еркін қолданылуы мүмкін. Дінді, діни жағдайды зерттеу асқан ыждаһаттылықты және кең дүниетанымды талап етеді. Діни қақтығыстың алдын алу, оған тосқауыл қоя білу – кез келген қоғамның тыныш өмір сүруінің кепілі. Дінаралық түсіністік пен келісімді сақтау – өзекті мәселелердің бірі. Жаһандану дәуіріндегі Батыс Еуропа халқының діни жағдайының құрылымын, даму бағыттары мен әлемдегі саяси-экономикалық мәселелер негізіндегі өзгерістерін анықтау әрі сипаттау мақаланың негізгі қарастырар мәселесі болып табылады.

Батыс Еуропа – әлеуметтік, экономикалық тұрғыда жақсы қамтамасыз етілген, қоғамдық құрылымды дұрыс құрып, оны шебер игере білген мемлекеттер аймағы. Қай салада болмасын, әлем жұртшылығы осы аймақта орналасқан мемлекеттерге қарайлайтыны рас. Ұлттық тілдері халықаралық дәрежеге көтеріліп отырған үш бірдей мемлекет осы аймаққа тиесілі. Тіл үйрену мәдениет үйренумен қатар жүретінін ескерсек, еліміздегі, жалпы әлемдегі жаппай ағылшын, неміс, испан тілдерін үйрену тенденциясы қоғам санасына әсер етпей қоймаса керек. Жақсы мүмкіншіліктер, жақсы жағдай, жақсы білім іздеп қаншама азаматтардың осы елдерге қоныс аударып жатқаны да жасырын емес. Ал соңғы жылдары мұсылман елдеріндегі шиеленіскен, күрмеуі мол, шешімі қиын жағдайлар қарапайым халықты туған мекендерін тастап, бас сауғалап осы елдерден пана іздеуге мәжбүрлеуде. Теңдік, бірліктілік, толеранттылық және жалпы адамгершілік қасиеттерді басшылыққа ала отырып, босқындарға құшақ жайған еуропалықтардың қазіргі жағдайы жергілікті халықтың алаңдаушылығын тудыруда. Жиі қайталанып жатқан террорлық шабуылдар, жазықсыз азаматтар қазасы тек Еуропа халқын емес, әлем жұртшылығын толғандырып отырғаны рас. Еуропалық мемлекеттер демократияға басымдық беруімен сипатталады. Осы ерекшелікке иек артқан түрлі діни топтар әрекеті қазіргі кезеңде қоғам тыныштығын бұзар жойқын күшке айналып отыр. Мақаланың өзектілігі көп мәселеде үлгі ретінде қабылданатын еуропалық ұстанымдардың діни салада тиімді және тиімсіз болып отырған тұстарын саралап, артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсете білуімен сипатталады.

Еліміз тәуелсіздік алғалы өткен 30 жыл халық үшін жаңа дәуірдің, жаңа өмірдің бастамасындай, жеткен жетістіктеріміз бен көз жұма қарап жүрген қателіктерімізге ақтау болардай уақыт мөлшеріндей көрінсе де, тарих сахнасында, жаһандық көзқараста тым аз уақыт болып табылады. Егемендік алып, өз істерін өзі басқаруға қолы жеткеніне 30 жыл ғана болған мемлекеттің мәдениеті, ұлттық құндылықтары, діни дәстүрлері, тарихы ежелден қалған мұра ретінде қайта жаңғыртылып, халық игілігіне ұсыныла алса да, заманмен бірге алға жылжып, көштен қалмай, ілесіп, өз орнын таба алуы үшін бет түзер үлгі ретінде сан ғасырлық мемлекеттілік тарихы бар елдерге жүгінері даусыз. Білім беру саласында Болон үдерісіне қосылып, әлемдік деңгейдегі оқу орындарымен теңдей дәрежеде білім беру жолына қадам жасадық. Сол шартқа қол қойып, елімізде алған жоғары білім еуропалық университеттерде мойындалатын болғаннан кейін білім қуған, оқуын жалғастырып, ғылыми дәрежеге ие болуды көздеген жастар Еуропаға ағыла бастады. Ата дініміз исламмен егемендік алғаннан кейін жаңадан қауышып, кеңестік идеологияның қармауынан әлі құтыла алмай жүрген біздің азаматтар үшін адамдардың әртүрлілігіне құрметпен қарайтын демократиялық қоғамдардағы орнаған жағдай таңсық болары сөзсіз. Мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынасты реттеу мен басқаруда біздің еліміз дәл осы Батыс Еуропалық елдердің қалыптастырған үлгісін көшіруге тырысты. Зайырлықты демократиялық қоғам құрудың негізгі көрсеткіші деп түсіне отырып, біз секуляризацияны мемлекеттік идеология ретінде таныған, осы үрдіс толыққанды жүзеге асқан жалғыз Батыс

Еуропалық мемлекет – Франциядағы құрылымдық жүйені басты назарда ұстадық. Бұл үрдіс 2008 жылғы Елбасының халыққа жолдауына негізделіп, 2009-2011 жылдарға арнап жасалған «Еуропаға жол» бағдарламасында көрініс тапты. Бағдарлама міндеттерінің қатарында нақты түрде қазақстандық институционалды-құқықтық базаны тиімді еуропалық тәжірибені қолдана отырып жетілдіру керек екендігі, күтілетін нәтижелер қатарында ұлттық заңнаманы еуропалық нормаларды есепке ала отырып жақсарту керек екендігі жазылған. 2007 жылы Еуроодақ саммитінде қабылданған «ЕО және Орталық Азия: жаңа серіктестік стратегиясы» атты құжат бұл байланыс орнатуға деген қызығушылықтың біртараптық қана емес екендігін көрсетті. Осы бағдарламаның жүзеге асырылуы кезінде, яғни 2010 жылы ЕҚЫҰ төрағасы атанды. Бұл мүмкіндікті пайдалана отырып ЕҚЫҰ құзіреттерін терроризм, экстремизм, заңсыз іс-әрекеттермен күрес жолына, қауіпсіз, тұрақты, гүлденеген Орталық Азияны құруға, аймақ тартымдылығын арттыруға бағыттауға тырыстық. Мақаланың тақырыбына сай жүргізілген зерттеулер нәтижесінде біз кез келген Батыс Еуропалық мемлекеттегі діни жағдай билік өкілдері, саясаттанушылар құрған жоспарларға сай дамымай жатқанына куә болдық. Өз атамекенінде ойдағыдай жүзеге аспай жатқан жүйенің біздің мемлекетімізде сіңісіп, дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынасты реттеуші құзыретті күшке айналуы күмән тудыратындай. Тұжырымымыздың дұрыстығын елімізде өткен бірнеше жыл ішінде орын алған радикалды топ өкілдерінің белсенді әрекеттері, саны артып, халық санасын улап жатқан түрлі секталардың қызметі, сан ғасырлар бойы қазақ болмысымен біте қайнасқан, ұлтымыздың дүниетанымын айқындауда негізгі рөл ойнаған, дәстүріміз тамыр жайып, сусындаған ислам дінін қорқыныш пен үрей қайнары ретінде танытуға тырысып жүрген экстремисттік топ өкілдері дәлелдей түседі. Мақала тақырыбының өзектілігі үлгі ретінде қарастырылып жүрген жүйенің артықшылықтарымен қатар кемшіліктерінің де бар екендігін дәлелді тұжырымдар ұсынуында деп білеміз.

Қазіргі Батыс Еуропа елдеріндегі саяси-әлеуметтік үрдістер және ислам. Мультимәдениет басты ұғымы индивид ретіндегі адамның құқықтары болып саналатын азаматтық қоғам концепциясына негізделеді. Бірақ бұл жағдайда даралық және кепілдендірілген құқықтар мәдени бірлестіктерге беріледі. Әрбір мәдениет теңдей құқықтар мен дәрежеге ие деп сендіріледі. Ал қазіргі таңда адам құқықтарының идеологиясы дін кейпіне енген, яғни адамның индивид ретіндегі негізгі құқықтарын қамтамасыз ету дегенде біз адамдардың діни бостандығы жайлы да сөз қозғаймыз. Осы тұста төзімділік саясатының маңыздылығы арта түседі. 1995 жылы 16 қарашада ЮНЕСКО-ның бас конференциясының 28 сессиясы қабылдаған төзімділік ұстанымдары жайлы жарғыда: «Төзімділік – догматтық түсініктерден, шынайылықты абсолюттендіруден бас тарту және халықаралық құқықтық құжаттарда адам құқықтары саласында бекітілген нақты талаптар», - деген анықтама беріледі (Мчедлов, 2004:79). Бұл анықтама мультимәдениет ұғымын жақтаушылар тарапынан да белсенді түрде қолданылып жүр. «Саяси тұрғыда дұрыс» қадам жасауға тырысып жүрген еуропалық билік өкілдері ұлттық және шетелдік құндылықтар арасындағы шекараны жою арқылы, жаһандану үрдісінің еркін түрде қанат жаюына себепкер болуға тырысуда. Ал бұл саясатқа қарсылық білдірген еуропалықтар ксенофобтық, экстремисттік ұстанымдардың құрбаны ретінде айыпталды. Бұл саясат еуропалық әлеуметтанушылар мен саясаттанушылардың көзқарасына сай, мемлекеттің мүдделерін жеке адам мен азшылық қауым өкілдерінің құқықтары жолында құрбан етіп отыр. Сонымен қатар, бұл ұстаным шынайы өмірдегі ұлттық және этникалық мәселелерді шешуге қауқарсыз. Догмаға айналып кеткен еуропалық саяси дұрыс қадамдар жергілікті халықтың, билік өкілдерінің тарихи негіздерін ұмыт қалдырып, ата діндері – христиандыққа емес, сайлау барысында көп дауысқа ие мұсылмандар қауымына, исламға қызығушылық танытуына негіз болды. ЕО Конституциясында христиан діні жайлы сөз қозғалмауына байланысты Миландық университеттің профессоры Сильвио Ферраридің мына пікірі еуропалық саясаткерлердің ойын айқын бейнелейтіндей: «Еуропалық Конституцияда белгілі бір конфессияны атау күмәнді әрекет болып табылады. Оның тек рәміздік мағынасы болғанына қарамастан, рәміздердің бірігуде өте маңызды рөл атқаратынына қарамастан, ол бөлектеу қауіпін де жасыруы мүмкін. Бұл ұстанымдар болашақ Конституцияның мәтініне қосылар болса, мұсылмандардың көп бөлігі өздерін маргиналды қауым мүшелері ретінде сезінер еді. Бірақ бұл Конституция мұсылмандарға да ортақ құжат қой. Нәтижесінде қалыптасқан

жағдай исламдық фундаменталисттерге және еуропалық исламның дамуына қырын қарап жүрген барлық радикалды топтарға үлкен сый болар еді» (Ferrati, 2003).

Осылайша мәдени және діни төзімділік исламдық және еуропалық өркениеттерге бір мекенде бейбіт өмір сүруге мүмкіндік беруі керек. Еуропалықтар ендігі кезекте исламмен қатар өмір сүруді, исламды азшылық діні ретінде құрметтеуді, исламдық құндылықтарды еуропалық шынайылыққа кіріктіруге дайын болуды үйренуі керек. Еуропалықтардың қазіргі кезеңдегі құндылықтар жүйесін, яғни құлдырап бара жатқан, нақты рухани шекаралары жоқ зайырлы мәдениетті назарға ала отырып, исламдық бай мұраға қызығушылықтың арта түсуінің де, өшпенділік пен қарсылықтың қатар жүруінің де заңды құбылыс екендігін дау тудырмас айқын мәселе деп түсінеміз. Бұған қарамастан еуропалықтар әлі де еуроцентристік дүниетанымның белсенді қорғаушылары. Сол себепті де еуропалықтар үшін «адам құқықтары дінінен» артық, одан маңызды дін жоқ. Еуропа халқының Хантингтон концепциясын қабылдамауы да, ислам дінінің, мұсылмандардың күші мен маңыздылығына мән бермеуі де осы ұстанымдарынан туындайды. Ал Батыс Еуропадағы алдыңғы қатарлы мемлекеттер Азия мен Солтүстік Африкадағы ұзақ мерзімді отаршылдық саясатының ықпалымен еуропалық исламға отаршылдық кезеңінің жүйелерін қолдануға болатындығына әлі де сенеді. Бұл жүйелердің негізінде ислам еуропалық басқарудың ықпалымен ассимиляцияға оңай беріледі деген түсінік жатыр.

Қазіргі таңда исламды ресмилендіру арқылы «бағындырудың» әдістері сол бұрынғы әдіснамадан алыстай қойған жоқ. Еуропалық билік өкілдері ислам дінін де секуляризацияға ұшыратуға болатынына сенімді. Осы ой негізінде «еуроислам» немесе «еуропалық ислам» деген жаңа ұғымдар пайда болды. Бұл терминді 1990 жылдардың орта шенінде Геттингендік университеттің профессоры Бассам Тиби енгізіп, зайырлы, заманауи, Батыстың қазіргі кезеңдегі либералды құндылықтарымен үндескен діни-мәдени мұраны белгілеу үшін қолданды. Исламның бұл көрінісінің негізгі ұстанымдары: шарифат талаптарынан бас тарту, өмір сүріп жатқан мемлекет Конституциясына адал болу, адам құқықтары мен демократиялық талаптарды құрметтеу. Негізгі екпін өзгерістердің қозғау күшіне айналуы тиіс болған заманауи еуропалық мұсылмандарға жасалды. Сол себепті сырт көзге түсініксіз болып көрінетін Еуропада туып-өскен мұсылман жастар үшін заманауи исламды интеграцияның басты құралына айналдыру саясаты белсенді түрде жүзеге асырылуда. Бұл бағытта үлгі ретінде Түркия алынады. Бұл мемлекетте зайырлылық мемлекеттік идеологияның негізгі ұстанымдарының бірі болып табылғанымен, халық ежелден ислам дінінің ерушілері болып табылады. Басқаша айтсақ, ислам дінін христиан дініне жүргізілген шаралар кешеніне ұшырату көзделуде. Сол арқылы ислам дінін тек жеке бас шаруасына айналдырып, мемлекеттен барынша алшақтату басты мақсат болып отыр.

Интеграция үрдісін қолдаушылардың жолында тұрған ең басты мәселе ислам дінінің құрылымдық және идеологиялық ерекшеліктері. Ислам өзге діндер секілді емес, ол дүниелікке айналуға және заманауи батыстық саяси және әлеуметтік құндылықтар жүйесіне бейімделуге оңай көндіге алмайды.

Исламның еуропалық қоғамға интеграциясы жайлы сөз қозғалғанда әрбір мұсылман үшін маңызды, негізгі бес парызды өтеу заманауи қоғам шекараларында да еш кедергісіз жүзеге асырылуы мүмкін екендігі айтылады. Исламға келгенін, мұсылман болғанын жариялайтын куәлікті дауыстап айту, күнделікті бес мезгіл оқылатын намаз, жұма күнгі жамағатпен оқылатын намаз, Рамазан айында ораза ұстау, мұқтаждарға көмек ретінде зекет беру, Меккеге қажылық ниетімен бару – барлығы еуропалық қоғам шындығынан алшақтамай-ақ, сол қоғам талаптарына, орныққан өмір сүру салтына бейімделе отырып, күнкөріс қамымен жүріп те еркін атқаруға болатын, толыққанды «еуропалық» азамат болып, өмір сүріп жатқан мемлекеттің заңдарын құрметтей отырып өмір сүруге еш кедергі келтірмейтін талаптар. Бірақ исламдық дүниетаным – ерекше, ислами сенім христиан дініндегі сенімнен ерекше. Бұл дүние мен о дүние жайлы түсінік екі дінде екі түрлі. Мұны христиан дінінің сан ғасырлар бойы тұрақты түрде дүниелікке бейімделу үдерісінің ықпалында болуымен түсіндіруге де болады. Христиандар үшін Отан рухани және дүниелік болып екіге бөлінеді. Ал мұсылмандар үмметке тиістілікті бағалайды, яғни барлық мұсылмандар өзара бауыр, бір «Отанның» азаматтары. Мұсылмандар үшін адамдарды тіліне, ұлтына, идеологиясы мен құндылықтарына, бір елге тиістілігіне қарай бөлектеу – дұрыс емес, әділетсіз әрекет. Ислам – адамдар

арасындағы айырмашылықтарды ең басты ұқсастықтары, яғни мұсылмандығы үшін назарға алмай, толығымен қабылдай алатын дін. Ислам адамдарды діни, нәсілдік, азаматтық тиістіліктеріне қарай бөлектемейді, барша адамзат мұсылмандар үшін бірдей құқыққа ие. Мұсылман еместерге де зәбір көрсетуге, төмендетуге діннің негізгі ұстанымдары тыйым салады.

Бөлшектенбеген, қамту аймағы өте кең дін ретінде ислам тек өсиеттер жиынтығынан тұрмайды, ол мұсылман өмірінің әрбір саласын реттеуге бағытталған ережелер мен талаптар ұсынады. Құран – негізгі діни мәтін, сонымен қатар мұсылмандар үшін құқықтық жүйені қалыптастырудағы басты қайнар. Құранмен қатар сүннет, хадистер, яғни Пайғамбардың сөздері, әрекеттері, түрлі діни немесе азаматтық сұрақтарға берген жауаптары, өмір салты – мұсылмандар үшін үлгі алар өнеге. Бұлардың негізінде тура жолдан адаспауға сеп болар заңдар жиынтығы – шарифат қалыптастырылған. Шарифат – жеке адамның, отбасылық, қоғамдық өмірдің бар салаларын реттеуші кодекс немесе канондар жиынтығы, мұсылмандардың Жаратушыға, қоғамға, бір-біріне қатысты қарым-қатынастарын айқындаушы тыйымдар мен талаптар жүйесі. Шарифат догматтық түсініктерге де, сенім амалдарына да, адамдар қарым-қатынасына да, іскерлік, отбасылық өмірдегі іс-әрекеттер жиынтығына да қатысты. Мұсылмандық құқықтанудың негізгі ұғымдары ресми түрде IX ғасырдың алғашқы жартысында қалыптаса бастаса, X ғасырда мұсылмандық құқықтану жеке діни ғылым саласы ретінде орнықты. Оның зерттеу пәні мұсылмандардың Алламен қарым-қатынасын айқындау, адамдардың өзара қарым-қатынасын реттеу, мемлекет пен халық арасындағы, өзге конфессиялармен, өзге мемлекеттермен арадағы қарым-қатынасты реттеу болды. Уақыт өте сунниттік бағыттағы исламда ірі төрт құқық мектебі қалыптасты. Әрбір мұсылман осы мектептердің беделді ғалымдарының Құран мен Сүннет негізінде қалыптастырған түсініктемелерін, ережелерін қабылдап, бір мектептің ерушісі бола алады. XX ғасыр басында қолға алынған «рационалды исламды» қалыптастыру, құқықтық мектептерді құлату арқылы, исламды заманға бейімдеп өзгерту саясаты нәтижесіз болып, құрдымға кетті. Сол кезден бастап исламды секуляризацияға ұшыратуға бағытталған әр қадам батыстандыру үдерісі ретінде қабылданып, мұсылмандар арасында қарсылық тудырады. Ағылшын шығыстанушысы Бернар Левистің айтуынша: «Исламда ең дұрыс үлгі өткен кезеңде жатыр. Қазіргі жол – дәстүр жазып, сақтаған күйдегі бабалардың әдеттері мен доктринасы, яғни Сүннет».

Еуропалық биліктің исламмен қарым-қатынасындағы келесі бір мәселе – құрылымдық мәселе. Еуропадағы ислам бірегейліктен алыс. Ислам діні әрбір еуропалық мемлекетте сол жердегі иммигрант-мұсылмандардың көпшілігі келген аймақтағы ерекшеліктер мен түсініктерге байланысты айырмашылықтарға ие. Ислам дінінде қатаң иерархиялық жүйе болмағандықтан, түрлі елдерден келген иммигранттар жергілікті мұсылмандардың көзқарасын қабылдай салмайды, қайта шарифат заңдарына қатысты өз елдеріндегі ұстанымдарды бірге ала келеді. Мәселен, 2 миллион 600 мыңнан астам түрік мұсылмандар, 200 мыңнан астам босниялық мұсылмандар тұратын Германиядағы ислам діні түріктердің ықпалында (Rippberger, 2012). Францияда арабтардың ықпалы басымдылыққа ие. Ұлыбританиядағы 2 миллион мұсылман Үндістан мен Пәкістаннан келген иммигранттар. Нидерландта Индонезия мен Суринамнан келген 700 мың мұсылман тұрады (Четверикова, 2005:73). Бұдан байқайтынымыз, Еуропадағы мұсылмандар жамағаты діни ұстанымдардан бұрын этникалық тиістілік негізінде құрылады. Бірақ осы жағдайды негізге ала отырып, әрбір еуропалық мемлекет өзіне тән, өзінің заңдарына қайшы келмейтін, өзге діндермен, жергілікті халықпен үйлесімділікте өмір сүретін исламның жаңа үлгісін қалыптастыра алмайды. Себебі, еуропалық кеңістікте сан ғасырлар бойы қалыптасқан, өзгертуге келмейтін ұстанымдары, доктриналары, дүниетанымы бар түрлі ислами тармақтар – сунниттер, шииттер, алауиттер, бірқатар ағымдар бірлесе тіршілік етуде. Олардың барлығын біріктіріп, дүние есігін аша сала сіңірілген дүниеге, мәңгілік өмірге деген көзқарастарынан, сенімдерінен бас тартқызып, өзгеше, жаңа, еуропалық мемлекет атауымен аттас исламды қабылдатып, соған сай өмір сүруді талап ету, бір жағынан, адам құқықтарын негізгі діндері көретін еуропалықтар үшін жабайы, бар ұстанымдарына қарсы қадам болса, екінші жағынан, жүзеге асырылуы мүмкін емес аңыз ретінде ғана қарастырылады. Батыс Еуропалық мемлекеттердің тағы бір ортақ мәселесі – мұсылмандардың атынан сөйлейтін, олардың қызығушылықтары мен қалауларын жеткізетін ресми бірлестіктің, ұйымның болмауы. Сол себепті мемлекет әр мұсылмандық жамағатпен жеке қарым-қатынас орнатуға мәжбүр. Ал бұл – мәселелердің шешімін

тезірек табуға кедергі болар маңызды тосқауыл. Осы жағдайды негізге ала отырып, мұсылмандардың көшбасшылары, кейбір ғалымдар «еуроислам» ұғымын терістеп, «Еуропадағы мұсылмандар», «еуропалық негіздегі ислам», «мұсылмандық қоғамдар» немесе «иммигранттардың бірлестіктері» жайлы сөз қозғағанды жөн көреді.

Еуропадағы мұсылмандардың әлеуметтік жағдайы. Интеграция мәселесінің әлеуметтік тұстары да жылдар өте маңыздылыққа ие болуда. Еуропадағы мұсылмандардың әлеуметтік жағдайы әрдайым тұрақсыздықпен сипатталады. Бірқатар мемлекеттерде білімді, әлеуметтік жағдайы жақсы, орта тап өкілдері ретінде қабылданатын мұсылмандар қауымы қалыптасқанымен, көпшілік мұсылмандар үшін әлеуметтік даму қиын күйде қалып, жұмыссыздықтың, сауатсыздықтың жоғары деңгейінде көрініс табуда. Голландияда марокколықтар арасындағы жұмыссыздық көрсеткіші 31 пайызды, түріктер арасында 24 пайызды құрайды. Ұлыбританияда Пәкістан мен Бангладештен келген азаматтар арасындағы жұмыссыздық деңгейі жергілікті халықпен салыстырғанда үш есе жоғары. Ал 16 жас пен 24 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіші пәкістандықтар үшін 1990 жылдардың басында 36 пайыз болса, жергілікті халық өкілдері үшін 15 пайызды құрады (Cesari, 2002:13). Бельгияда 1999 жылы марокколықтар мен түріктер арасындағы жұмыссыздық көрсеткіші 38 пайыз, ал жергілікті халық арасында 7,4 пайызды құрады (Ural Manzo, 2004:88). Мұсылмандар уақытша және арзан ақы төленетін, көп қабілет талап етпейтін жұмыстарға орналасады. Австрияда түріктердің 9,7 пайызы ғана білікті мамандар, ал орта есеппен түріктердің жалақысы жергілікті халық өкілдерінікінен 15 пайызға төмен. Бұл жағдай тұрғын үй саласында да көрініс табады. Иммигранттар қаланың сырт жағындағы, арзан мекендерде өмір сүреді. Әлеуметтік жағдайдың саяси көзқарастарға, таңдауға әсер етері даусыз. Сол себепті де жастар арасында кедейлікке тек әлеуметтік не саяси ғана емес, діни реңк те беруге асығатын фундаменталистік ағымдар танымалдыққа ие. Сонымен қатар иммигранттардың атамекені болып табылатын елдердің үкіметтерімен олар көрсететін қаржылық және әлеуметтік қолдаудың нәтижесінде берік байланыс орнап, жақсы ұйымдастырылған исламдық құрылымдар пайда болуда.

Исламды интеграциялау саясатының қаншалықты дәрежеде мүмкін екендігін жоғарыда сипатталған жағдайларды саралай отырып, түсінуге болады. Мұсылмандық қауымдарды азаматтық құрылымға кіріктіру барысында еуропалық үкіметтер мынадай мәселелермен бетпе-бет келеді:

- Дінді мойындау (мешіттер салу, жұмыс уақытында намаз оқуға рұқсат беру, діни мерекелер кезінде демалыс беру);
- Мұсылмандар қауымдастықтарын қоғамдық ұйымдар ретінде мойындау (ал бұл үшін мұсылмандардың мүдделерін жеткізуші, қорғаушы бірыңғай ресми ұйым керек);
- Дәстүрлі білім алу мәселесін шешу (жекеменшік мұсылман мектептерінде немесе мемлекеттік мектептерде, ұлдар мен қыздардың бөлек білім алу мәселесін шешу);
- Қоғамдық орындарда діннің талаптарына сай киім кию, исламға тиістілігін көрсететін заттарды алып жүру;
- Мемлекеттік басқару органдарында мұсылмандар мүдделерін қорғаушы мүшелердің болуы (ұлттық және жергілікті деңгейде);
- Қауымдастықтардың қаржылық іс-әрекеттері (өз-өзін қаржыландыру, сырттан қаржылай көмек алу, исламдық мемлекеттердің қаржылық қолдауы).

Бұл мәселелер ортақ болғанымен, еуропалықтар қазіргі кезеңге дейін исламды интеграциялаудың біртекті үлгісін қалыптастыра алған жоқ, әр елде бұл саясат өзіндік ерекшеліктерге ие. Бұған белгілі бір мемлекеттегі шіркеу мен мемлекет қарым-қатынасы, азаматтық беру талаптары, ұлттық, мәдени дәстүрлер, саяси мәдениеттің, экономикалық саясаттың ерекшеліктері де әсер етеді. Осы құрамдас бөліктер интеграциялық саясатты жүргізудің әдістерін айқындап береді. Десек те, белгілі бір ұлттық үлгілер жайлы біз тек шартты түрде ғана айта аламыз. Нақты түрде екі қарым-қатынас үлгісін ғана бөліп көрсетуге болады: ағылшындық коммунитарлық үлгі – жамағатты және оның қоғамға қосылғандығын мойындау; француздық зайырлы үлгі – интеграцияның жалпы республикалық идеяға негізделуі. Өзге елдерде де мультимәдениеттің түрлі үлгілері жүзеге асырылуда. Ол үлгілердің қалыптасуына сол қоғамның ерекшеліктері, «төзімділік» ұғымын түсінуі, мұсылмандық жамағаттардың күші мен әсері, саяси және экономикалық бағдар себепкер болады (Problemes d'histoire des religions, 1994:23-28).

Еуропалықтар ислам діні мен мұсылмандарды қаншалықты шеттетіп, қабылдағысы келмесе де, заман шындығына қарсы келе алмасы хақ. Ислам дінінің Еуропа тарихында да, бүгінде де алар орны ерекше. Еуропа деп аталатын дүние бөлігінде халқының басым көпшілігі мұсылмандар болып табылатын, ислам дінінің құндылықтарын, тыйымдары мен ұстанымдарын негізге ала өмір сүретін Босния, Албания, Түркия секілді мемлекеттер де бар. Бұл мемлекеттің халқы да – еуропалықтар. Еуропадағы секуляризмді негізгі бағыт деп білетін мемлекеттердің бірі Данияда Құран Кәрім жоғарғы мектеп оқушылары үшін міндетті оқу парағының мазмұнына енгізілген (Робберс, 2009:180-186). Мұсылмандардың әлеуметтік мәртебесін әрі экономикалық жағдайын өзге дінді насихаттаушылармен бірдей деңгейге көтеру – көптеген түйткілді мәселелердің шешімі. Осыны түсінген кейбір мемлекеттер еуропалық негіздегі исламды қалыптастыруға тырысуда. Франция, Голландия секілді мемлекеттерде басты назар жергілікті имамдарды тәрбиелеуге аударылуда. Мұсылмандардың заманауи Еуропадағы мәселелерінің шешімдерін табу үшін Дублин қаласында Пәтуа және Зерттеу бойынша Еуропалық Елшілік жұмыс атқаруда (Робберс, 2009:209-213).

Францияда қазіргі таңда шамамен 5-8 миллион мұсылман өмір сүруде. Ал ислам діні сенушілерінің саны ең тез артып келе жатқан дін болып табылады. Осы жағдайлардың өзі де ислам дінімен санасу керек екендігіне дәлел бола алады. Ерекше бетбұрыс ретінде тоқсаныншы жылдардың орта шенінен бастап Францияның түрлі қалаларындағы мешіттер құрылысының қарқынды дами бастағанын атап өте аламыз. Француз билігі тіпті мешіттерді жартылай мемлекет тарапынан қаржыландырып, француз имамдарын оқыту керек екендігін де алға тартуда (Робберс, 2009:593-595).

Батыстағы мұсылмандарды «бөтенсіну» саясатын өзгертудегі тағы бір мүмкін ұстаным – «қабылдау саясаты». Бұл дегеніміз тек екі әлем жайлы дұрыс біліммен екі тарапты қамтамасыз ету ғана емес. Қабылдау бұл жерде екі жақтың да менталдық тұрғыда: мұсылмандардың еуропалық мемлекетті екінші атамекені ретінде, ал еуропалықтардың мұсылмандарды отандастары ретінде қабылдай алуын меңзейді. Бұл ұзақ мерзімді жоспар үкімет мұсылмандарға және жалпы қоғамға қатысты барлық саланы қамтитын әмбебап саясат ұстанған кезде ғана жүзеге асуы мүмкін. Ол мұсылмандарға қоғам өміріне белсене араласуға және қоғамға деген адалдығын арттыруға мүмкіндік беруде көрініс табуы керек. Еуропа халқы мұсылмандардың да толыққанды еуропалық азамат бола алатындығын қабылдау керек. Бірақ осындай ұстанымдар халық санасына әлі сіңе қоймаған сыңайлы. Кейбір топтар жалғыз мәдениетке негізделген, христиандық дінінен қуат алатын қоғам құруды әлі де негізгі мақсат көреді. Мұндай радикалды ұстанымдардың екі әлем арасындағы байланыстың күрмеуін шиеленістіруден өзге берері жоқ екендігі даусыз. Адамзат бақыты үшін, адамзат тыныштығы үшін бір-біріміздің ерекшеліктеріміз бен өзгешеліктерімізді қабылдай отырып, өз ұстанымдарымызға сай өмір сүре беруге болатындығын тезірек түсінсек екен дейміз.

Еуропа мемлекеттері ислам дінінің осы аумақта өмір сүруін қабылдап, мұсылмандардың сеніміне құрметпен қараған жағдайда көптеген қиыншылықтардың алдын алуға болатындығын ешкім терістей алмас. Ал мұсылмандар өз кезегінде Сүннеттен мұра ретінде жеткен діндераралық диалогтың ең көркем үлгісін насихаттай отырып, өздерін өмір сүріп отырған қоғамның толық мүшесі ретінде сезіне алуы керек. Еуропалық болу үшін мұсылманшылықтан бас тарту міндет емес екендігін екі тарап та қабылдау керек. Мұсылмандар мен ислам дінінің жылдар бойы қалыптасқан жағымсыз бейнесін бұзып жарып, ғылым мен білімнің, мәдениет пен әдептіліктің, өркениеттің негізгі бастауы, қайнар көзі ислам дінінде жатқанын көрсету әрбір жаңа заман мұсылманының мойнына жүктелген маңызды іс деп білеміз.

Қорытынды. Ислам мен Батыс арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуы түрлі тарихи кезеңдерге байланысты түрлі жолмен жүзеге асқанын көріп отырмыз. Ислам мен мұсылмандар батыстықтар үшін тең құқылы, тең дәрежелі әлем, мәдениет, өркениет өкілдері болған. Испаниядағы мұсылмандар мен жергілікті халық арасындағы қарым-қатынас, бір-бірімен тәжірибе алмасқан ұлы ғалымдар, ойлары әлі күнге дейін құнды, өзекті философтар, Еуропаны ғылымның жаңа салаларымен таныстырған ұлы зерттеушілер бұл пікірге дәлел бола алады. Не себепті қазіргі кезеңде осы қайырымды байланыс пен өзара сыйластық халық санасынан өшіп кетті деген заңды сұрақ қоя аламыз. Қазіргі кезеңде білім мен ғылым бұрын жетпеген шындырлар бағындарып жатқанда, адамдар не себепті өзара бейбіт, тату күйде, бір-бірінің тандауына, өмір

салтына құрметпен қарап өмір сүре алмайды? Бұл ретте ескеру керек мәселе – Еуропада исламның кең таралуы оның өзінің «Мені» енді қалыптасып жатқан кезеңмен дәп келді. Еуропа өзінің ұстанымдарын, саясатын, бағдарын айқындау барысында ислам секілді мүлтіксіз, кемшіліксіз, ықпалды жүйемен тайталасуға мәжбүр болды. Бірегейліктен, биліктен айырылғысы келмеген еуропалық көшбасшылар исламды жау етіп көрсетіп, халықты одан алшақтатуға тырысты. Міне осындай мүдделер қақтығысынан қалыптасқан стереотиптер қазіргі кезеңдегі еуропалықтарға өздерінің қоғамдарындағы ислам мен мұсылмандардың бар болуын, өздерімен қатар тіршілік етуін саналы түрде қабылдауға кедергі болуда. У. Монтгомери Уотт: «Исламның өзгертілген бейнесі еуропалықтардың көлеңкелі қасиеттерінің проекциясы ретінде қарастырылуы керек», - деген пікір айтады (Монтгомери, 1976:109). Бұл пікірмен келісуге де болады. Дегенмен, жоғарыда сипатталған тарихи оқиғалар, сан ғасырлар бойы құлаққа сіңірілген қағидалар, қазіргі кезеңде белсенді түрде жүргізіліп жатқан ақпараттық соғыс, саяси мүдделер, сонымен қатар өздерін ислам дінімен байланыстыратын радикалды топтардың әрекеттері – бәрі қосылып исламның жағымсыз бейнесінің тіршілікке бейім болып, қандай кешенді әрекеттер жүргізілсе де жойылмай, өзгермей отыруының қуат көзі болып отыр. Жоғарыда біз Еуропаның көпшілігі мұсылмандар болып табылатын иммигранттарға мұқтаж екендігі жайлы сөз қозғаған болатынбыз. Иммигранттардың арзан ақы талап ететін еңбегі үшін, орныққан, екінші, үшінші ұрпағы өздерін толыққанды еуропалықтар ретінде қабылдайтын мұсылман азаматтары үшін, күннен-күнге саны өсіп жатқан ислам дінін қабылдаған жергілікті халық өкілдері үшін еуропалық билік өкілдері ислам діні мен мұсылмандардың мәселесіне немқұрайлықпен қарап, елемей отыра алмайды. Ал «өркениеттер қақтығысы», «сәйкессіздік» секілді ұғымдардың алға тартылуын ғылыми тұрғыдағы сауатсыздық деп білеміз. Ислам дінінің билігінде болған Испаниядағы жергілікті халық пен мұсылмандар арасындағы қарым-қатынас әрі сол кезеңдегі екі тарап үшін де жемісті ғылыми даму дәуірі тарих беттерінде алтын әріптермен жазылып тұрғаны дау тудырмас. Демек, бұл шиеленіскен қарым-қатынастың себептерін, бастауларын діннен, мәдениеттен емес, саяси ұстанымдар мен мүдделерден қарастырған жөн деп білеміз. Ислам дінінің бейбітшілікке құштар болмысы оны қаралауға бағытталып жабыстырылып жатқан сан қилы қасиеттерден пәк екендігін, алшақ екендігін тақырыпқа сыни тұрғыда, объективті өлшемдерді негізге ала отырып қарайтын әрбір ғалым, оқушы, қарапайым тұлға түсініп, ұғынары анық. Адамдардың, яғни дін ерушілерінің емес, діннің кемшіліксіз екенін естен шығармағанымыз дұрыс. Әлеуметтік тұрғыда қиыншылықтарға тап болған, күйбең тіршіліктен шаршаған, әділетсіздікпен күресте жеңіліс тапқан жекеленген тұлғалардың іс-әрекеті, жаугершілік ұстанымдары жалпы діннің, барша мұсылмандардың мүдделерінің сипаттамасы емес, бола алмайды да. Еуропадағы мұсылмандар толыққанды еуропалықтар ретінде қабылданып, сенімдеріне, діндеріне құрмет көрсетіліп, исламдық талаптар мен дәстүрлерді өзгертуге тырыспай, қабылдай білген жағдайда, адамзатпен бірге түлеп, жаңарып, заманнан әлдеқайда озық жүретін кемел дін еуропалық қоғамның да негізгі құрамдас бөлігіне еркін айналары дау тудырмас шындық деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

- Cesari J. L'islam en Europe: l'incorporation d'une religion // Cahiers d'études sur la Méditerranée Orientale et le monde turco-iranien. 2002. №33.
- Ferrari S. The secular and Sacred in Europe's Constitution // www.project-syndicate.org/commentary/the-secular-and-sacred-in-europe-s-constitution?barrier
- Pluralisme religieux et laïcités dans l'Union Européenne // Problèmes d'histoire des religions. Éditions de l'Université Libre. 1994. №5.
- Rippberger S. «Euroislam» – Does It Exist or Not? // The German Wave // www.dw-world.de
- Ural Manço. Reconnaissance et discrimination: presence de l'islam en Europe occidentale et en Amérique du Nord / Sous la direction de. L'Harmattan, 2004.
- Монтгомери Уотт У. Влияние ислама на средневековую Европу. Москва: Наука, 1976. 130 с.
- Мчедлов М.П. Толерантность. Москва: Республика, 2004. 416 с.
- Робберс Г. Государства и религии в Европейском союзе. Москва: Первая образцовая типография, 2009. 722 с.

Четверикова О. Ислам в современной Европе: стратегия «добровольного гетто» против политики интеграции. Россия XXI. 2005.

References

Cesari J. L'islam en Europe: l'incorporation d'une religion // Cahiers d'études sur la Méditerranée Orientale et le monde turco-iranien. 2002. №33 [In French].

Chetverikova O. Islam v sovremennoi Evrope: strategiya "dobrovol'nogo getto" protiv politiki integracii. Rossiya XXI. 2005. [in Russian].

Ferrari S. The secular and Sacred in Europe's Constitution // www.project-syndicate.org/commentary/the-secular-and-sacred-in-europe-s-constitution?barrier [In English].

Mchedlov M.P. Tolerantnost' (Tolerance). Moskva: Respublika, 2004. 416 s. [in Russian].

Montgomery W. Vliyanie Islama na srednekovuyu Evropu. Moskva: Nauka, 1976. 130 s. [in Russian].

Pluralisme religieux et laïcités dans l'Union Européenne // Problèmes d'histoire des religions. Éditions de l'Université Libre. 1994. №5 [In French].

Rippberger S. «Euroislam» – Does It Exist or Not? // The German Wave // www.dw-world.de [In English].

Robbers G. Gosudarstva i religii v Evropeiskom soyuze (States and religions in the European Union). Moskva: Pervaya obrazcovaya tipografiya, 2009. 722 p. [in Russian].

Ural Manço. Reconnaissance et discrimination: presence de l'islam en Europe occidentale et en Amérique du Nord / Sous la direction de. L'Harmattan, 2004 [In French].